

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 615 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

3 0

м а у с ы м д а ғ ы

N

6 1 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданды

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі,

екі ел арасындағы сауда және экономикалық қатынастарды дамытуға үлес қосуға ниет білдіре отырып,

нарықтық экономика шеңберінде автомобиль көлігі саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға толық шешімділікте бола отырып,

қоршаған ортаны және адамдарды қорғау, энергияны тиімді пайдалану, жол қауіпсіздігі және жүргізушілердің еңбек жағдайын жақсарту мәселелеріне алаңдаушылық білдіре отырып,

көліктегі интермодальдықты дамытуға бағыт алып, автомобиль көлігін дамытудың қандай өзара пайда әкелетінін ұғына отырып, төмендегілер туралы келісті:

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1-бап. Қолдану саласы

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы, олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен, сондай-ақ үшінші елдерге/елдерден Тараптар мемлекеттері бірінің аумағында құрылған тасымалдаушылар жүзеге асыратын жүктер мен жолаушылардың автомобиль тасымалдарына қатысты қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Келісім Тараптардың басқа да халықаралық шарттық міндеттемелерінен туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

2-бап. Айқындамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдердің мынадай мәндері бар:

1. "Тасымалдаушы" - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында құрылған және жолаушылардың немесе жүктердің тасымалдарын жүзеге асыруға құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға.

2. "Көлік құралы" - автомобиль, тіркемесі бар автомобиль, автомобиль тартқышы немесе жартылай тіркемесі бар автомобиль тартқышы, олардың ішінен, ең болмағанда автомобиль немесе автомобиль-тартқыш Тараптардың бірінің мемлекетінде тіркелген және, ол жолаушылардың немесе жүктердің тасымалы үшін ғана пайдаланылады және с о ғ а н а р н а л а д ы .

3. "Тасымал" - егер тіпті көлік құралы, тіркеме немесе жартылай тіркеме жолдың бір бөлігінде поезбен немесе кемемен тасымалданса да, жүгі бар немесе жүксіз көлік құ р а л ы н ы ң ж о л ж ү р у і .

4. "Каботаж" - Тараптардың бірінің мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Тарап мемлекетінің аумағы шегіндегі екі пункт арасында жүзеге асыратын жолаушылардың немесе жүктердің тасымалы.

5. "Тарап мемлекетінің аумағы" - Қазақстан Республикасының аумағы және Хорватия Республикасының аумағы.

6. "Құрған ел" - шегінде тасымалдаушы және көлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің аумағы.

7. "Болу елі" - тасымалдаушы сол аумақта құрылмай тасымалды жүзеге асыратын және оның көлік құралы да осы аумақта тіркелмеген Тарап мемлекетінің аумағы.

8. "Автобус" - Тараптардың бірі мемлекетінің аумағында тіркелген, өзінің Конструкциясы мен жабдықталуы бойынша жолаушыларды тасымалдау үшін жарамды және оған арналған, жүргізушінің орнынан басқа тағы сегіз отырғызу орны бар көлік құ р а л ы .

9. "Тұрақты жолаушылар тасымалы" - белгілі бір бағдар бойынша, алдын ала

белгіленген және жарияланған қозғалыс кестесі мен тасымал үшін тарифтерге сәйкес жолаушылар тасымалданатын тасымалдар. Осындай тасымалдар процесінде жолаушылар алдын ала белгіленген аялдамаларда отыра және шыға алады.

10. "Жолаушылардың қайықты тасымалы" - жолаушылардың алдын ала құрылған топтарын тура және кері бағыттарда жөнелтудің белгіленген орнынан барудың белгіленген орнына қайталанатын рейстер арқылы тасымалданатын тасымалдар. Тура бағытта жол жүруді орындайтын жолаушылардан тұратын әрбір топ жөнелту орнына келесі кері рейспен тасымалданады. Жол жүру басталатын орын және жол жүру аяқталатын орын деп әрбір жағдайда, 50 км радиусындағы жақын жерлермен бірге тиісінше жөнелту орны және бару орны түсініледі.

Қайықты тасымалдар сериясындағы алғашқы кері қайту рейсі және тура бағыттағы соңғы рейс бос түрде орындалады.

11. "Тұрақты емес жолаушылар тасымалы" - тұрақты жолаушылар тасымалы анықтамасына да, қайықты тасымал анықтамасына да жатпайтын тасымалдар. Тасымалдардың жиілігі немесе саны олардың тұрақты емес тасымалдар ретіндегі жіктелуіне әсер етпейді.

12. "Бақылау құжаты" - Осы Келісімнің 14-бабында аталған Бірлескен комиссиямен келісілген үлгіге сәйкес келетін автобустарға арналған жол парағы.

13. "Рұқсат" - Тараптардың құзыретті органдары беретін, екінші Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарына рұқсатты берген Тарап мемлекетінің аумағына немесе аумағы арқылы жол жүруді жүзеге асыруға құқық/мүмкіндік беретін құжат.

14. "Транзит" - бір Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралымен екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы жолаушыларды және/немесе жүктерді тасымалдау.

15. "Қауіпті жүк" - оларға тән қасиеттерге және ерекшеліктерге байланысты тасымалдау, тиеу, түсіру және сақтау кезінде техникалық құралдардың, жабдықтың, ғимараттар мен құрылыстардың бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауыруына және қоршаған ортаға зиян келтіруге себеп болуы мүмкін жүк.

II. Жолаушылар тасымалы

3-бап. Тұрақты тасымалдар

1. Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен тұрақты жолаушылар тасымалы Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Рұқсатқа өтінім тасымалдаушы құрылған мемлекеттегі құзыретті органға берілуге тиіс, ол екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органына жіберіледі. Егер құзыретті орган өтінімді мақұлдаса, рұқсат тасымалдаушыны құрған мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі.

3. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия өтінім қандай нысанда берілуге тиістігін және бұл ретте қандай қосымша құжаттар талап етілетінін

ш е ш е д і .

4. Рұқсаттарды Тараптардың құзыретті органдары өзара келісім бойынша береді.

5. Рұқсатты беру немесе беруден бас тарту шешімі үш ай ішінде қабылданады.

6. Рұқсатты қолданудың ең көп мерзімі - бес жыл. Олар көлік құралдары қанағаттандыруы тиіс экологиялық стандарттар мен қауіпсіздік нормаларын қоса алғанда, тасымалдау шарттарын белгілейді.

7. Тасымалдау шарттарын өзгерту және тасымалдарды тоқтату мәселелері осы баптың 2 және 3-параграфында көзделген рәсімге сәйкес шешіледі.

8. Егер тасымалдауға қажеттілік болмаса, тасымалдаушы, оған дейін үш ай бұрын рұқсат берген құзыретті органдарға және клиенттерге хабарлама жібере отырып, оны тоқтата алады.

4-бап. Тұрақты емес және қайықты тасымалдар

1. Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы және олардың аумақтары арқылы транзитпен тұрақты емес және қайықты жолаушылар тасымалдары Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсаттар жүйесінің негізінде жүзеге асырылады.

Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия тасымалдарды жүзеге асыратын осы бапта келісілген көлік құралдары жауап беруі тиіс техникалық, экологиялық стандарттарға және қауіпсіздік стандарттарына қойылатын талаптарды келіседі.

2. Осы баптың 1-параграфына ерекшелік ретінде төменде санамаланған тасымалдар болу елінің аумағында рұқсаттарды талап етпейді:

а) "жабық есікпен" жол жүру, яғни жөнелту пунктінен басталатын және аяқталатын жол жүрудің барлық уақытында бір автокөлікті пайдаланумен, сол жолаушылармен тасымал;

б) жолаушыларды екінші Тарап мемлекетінің аумағына жөнелту мемлекетінің аумағына бос қайтып келе жатқан автокөлік құралымен тасымалдау;

в) жолаушыларды екінші Тарап мемлекетінің аумағына нақ осы тасымалдаушының алдын ала әкелуі шартымен, оларды құрылған Тарап мемлекетінің аумағына тасымалдау үшін жолаушыларды жинау мақсатында екінші Тарап мемлекетінің аумағына жолаушыларсыз жол жүру.

3. Тиісті рұқсат берілетін жағдайларды қоспағанда, рұқсатты талап етпейтін рейске қосымша жолаушыларды отырғызуға тыйым салынады.

Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия тұрақты емес жолаушылар тасымалдарының басқа да санаттарына рұқсат беру жүйесінен босатуға бастамашылық жасауы мүмкін.

4. Рұқсатқа өтінім болу елінің құзыретті органдарына берілуге тиіс.

Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия өтінім қандай нысанда берілуге тиістігін және бап ретте қандай қосымша құжаттар талап етілетінін

ш е ш е д і .

5. Рұқсатты талап етпейтін және автобустармен жүзеге асырылатын тұрақты емес тасымалдар бақылау құжатымен қамтамасыз етілу тиіс. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия бақылау құжатын пайдалану шарттарын және оның мазмұнын белгілейді.

5-бап. Жолаушылар тасымалдары үшін жалпы ережелер

1. Рұқсаттарды басқа тасымалдаушыларға беруге тыйым салынады.

2. Жолаушыларды каботаждық тасымалдауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

І І І . Ж ү к т а с ы м а л д а р ы

6-бап. Рұқсат беру жүйесі

Тараптардың бірі мемлекетінің аумағында құрылған тасымалдаушылар рұқсат беру жүйесі бойынша:

а) екі Тарап мемлекеттерінің аумақтары арасындағы тасымалдарды;

б) транзиттік тасымалдарды;

в) егер бағдар көлік құралы тіркелген елдің аумағы арқылы өтсе, екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы пункт пен үшінші елдің аумағындағы пункт арасындағы тасымалдарды жүзеге асыра алады.

2. Егер бағдар тіркеу елінің аумағы арқылы өтпесе, екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы пункт пен үшінші елдің аумағындағы пункт арасындағы тасымалдар арнайы рұқсатпен жүзеге асырылады.

3. Жүктердің каботаждық тасымалдарына болу елінде берілген арнайы рұқсатпен ғана рұқсат етіледі.

4. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия рұқсаттардың басқа да түрлерін белгілейді. Қажет болған кезде ол тасымалдарды рұқсатсыз жүзеге асыру туралы ұсыныс беруі мүмкін.

7-бап. Рұқсатты талап етпейтін тасымалдар

1. Осы Келісімнің 6-бабында аталған рұқсаттар мыналар үшін талап етілмейді:

а) тіркемелерді қоса алғанда, жүкпен жалпы рұқсат етілген салмағы (ЖЖРС) 6 тоннадан аспайтын немесе тіркемелерді қоса алғанда жол берілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан аспайтын көлік құралымен тасымалдар;

б) егер тасымалдау шарттары өзгерген жағдайда, әуежайларға жеткізілетін жүктерді тұрақты емес тасымалдау;

в) зақымдалған және істен шыққан көлік құралдарын тасымалдау және жөндеу автокөлік құралдарының қозғалысы;

г) басқа елде зақымдалған немесе істен шыққан басқа жүк автокөлік құралын ауыстыру үшін бос жүк автокөлік құралының қозғалысы және бос жөнделген автокөлік құралының қайта оралуы;

д) шұғыл жағдайларда, атап айтқанда, табиғи апаттарда көмек көрсету үшін арналған дәрі-дәрмектерді, медициналық жабдық пен жарақты тасымалдау, сондай-ақ

г у м а н и т а р л ы қ

к ө м е к ;

е) жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған заттарды және өнер туындыларын т а с ы м а л д а у ;

ж) театр, музыкалық, кинематографиялық, спорт және цирк қойылымдары мен көрмелер, сондай-ақ радиохабарларды, кино және теледидар түсірімдерін жазу үшін коммерциялық емес мақсатта керек-жарақтарды, жабдық пен жануарларды тасымалдау ;

з) қайтыс болғандардың денесі мен мәйітін тасымалдау;

и) почта т а с ы м а л д а р ы .

2. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия қажет болғанда рұқсатты талап етпейтін тасымалдар тізімін кеңейтуге бастамашылық жасау мүмкін.

8-бап. Жүк тасымалдары үшін жалпы ережелер

1. Екі Тараптың құзыретті органдары жыл сайын рұқсат бланкілерінің келісілген с а н ы м е н ә р б і р ж ы л а л м а с а д ы .

Жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар келесі күнтізбелік жылдың 31 қаңтарына дейін күшінде болады.

2. Рұқсаттарды басқа тасымалдаушыларға беруге тыйым салынады.

3. Рұқсат бір ғана көлік құралына пайдаланылуы мүмкін. Автомобиль көлік құралдарын құрастыру үшін рұқсат беру және рұқсат талап етілмейтін жағдайларды айқындау үшін айқындауыш фактор болып табылады.

4. Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия рұқсаттардың квотасын, санатын және оларды пайдаланудың одан арғы шарттарын белгілейді.

I V .

Ж а л п ы

е р е ж е л е р

9-бап. Салықтар мен баждар

1. Жүктердің, жолаушылар мен багаждың халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын және Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген және екінші Тарап мемлекетінің аумағында уақытша болатын көлік құралдары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес көлік құралына иелік етуге, оны тіркеу мен басқаруға қатысты б а р л ы қ б а ж д а р д а н б о с а т ы л а д ы .

2. Көлік құралының жұмыс істеуіне арналған көлік құралына өндіруші орнатқан кәдімгі бактағы жанар май (жүк көлік құралдары үшін 200 литрден аспайтын және автобустар үшін 600 литрден аспайтын), сондай-ақ жағар май материалдары мен қосалқы бөлшектер болу елінің ұлттық заңнамасына сәйкес барлық кедендік баждардан б о с а т ы л а д ы .

Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер елден шығарылуға тиіс, ал ауыстырылған бөлшектер шығарылуға немесе тиісті Тараптың кеден өкілдерінің қатысуымен ж о й ы л у ғ а т и і с .

3. Осы Келісімнің шарттары бойынша жүзеге асырылатын тасымалдар үшін болу елінде автожол желісін немесе көпірлерді пайдаланғаны үшін алынатын жол алымдары

, төлемдер мен басқа да баждар алынады. Баждар мен басқа да алымдар кемсітусіз негізде екі Тарап елдерінің тасымалдаушыларынан алынады.

10-бап. Салмақтық өлшемдер мен көлемдер

1. Автокөлік құралдарының жол берілетін ең ауыр салмағы, оське жүктемесі және көлемдері тіркеу құжаттарында көрсетілген өлшемдерден, сондай-ақ болу елінде қолданылатын жол берілетін ең көп шектерден аспауға тиіс.

2. Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүгі бар көлік құралдарын болу елінде пайдалану алдын ала өтінім берілген арнайы рұқсатпен ғана рұқсат етіледі.

11-бап. Жабдық және басқа да сипаттамалар

1. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдары, енгізілген түзетулерді ескерумен, 1957 жылғы 30 қыркүйектегі Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімнің (ҚЖТТШ) талаптарына сәйкес жарақталуға және ж а б д ы қ т а л у ғ а т и і с .

2. Көлік құралдары экипаждарының жұмыс режимі мен демалысын бақылау үшін пайдаланылатын жабдық, енгізілген түзетулерді ескерумен, 1970 жылғы 1 шілдедегі Халықаралық автомобиль тасымалдарын орындайтын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты еуропалық келісімнің (ЕСТР) ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

3. Тараптар осы Келісімнің шеңберінде қауіпсіздіктің және атмосфераға тастандылардың стандарттарына жауап беретін автокөлік құралдарын пайдалануға ықпал етуге міндеттенеді.

12-бап. Бақылау

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес рұқсаттар, бақылау және өзге де құжаттар, сондай-ақ көлік жүк қағазы, жол парақтары, сақтандыру сертификаттары, оқығаны туралы сертификаттар және Тараптардың мемлекеттері қол қойған халықаралық келісімдерге және/немесе Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес талап етілетін барлық өзге де құжаттар көлік құралында болуға тиіс және уәкілетті тұлғалардың талабы бойынша көрсетілуге тиіс.

13-бап. Тасымалдаушылардың міндеттемелері мен бұзушылықтары

1. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары және олардың көлік құралдарының экипаждары екінші Тарап мемлекетінің аумағында бола отырып, осы елде қолданылатын ұлттық заңнаманы сақтауға тиіс.

2. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда аумағында бұзушылық болған Тарап мемлекетінің құзыретті органдары өз елінің процессуалдық іс-әрекетіне залалсыз, бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген шараларды қабылдайтын осы мемлекеттің құзыретті органдарын хабардар етеді. Ерекше күрделі жағдайларда болу елінің құзыретті органдары тасымалдаушы құрылған елдің құзыретті органдарының шешімін күте отырып, бұзушылық жасаған тасымалдаушыға өз елінің аумағына кіруге уақытша

тыйым салуы мүмкін. Екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-бірін қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді.

14-бап. Бірлескен комиссия

Тараптар мемлекеттері осы Келісімнің ережелерін орындау және туындайтын даулы мәселелерді шешу үшін Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын Бірлескен комиссияны құрады.

15-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді қолдану жөніндегі құзыретті органдары:
Қазақстан Республикасында: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
м и н и с т р л і г і ;

Хорватия Республикасында: Теңіз, туризм, көлік және даму министрлігі.

Осы бапта көрсетілген құзыретті органдар өзгерген жағдайда құзыретті органдардың атаулары екінші Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша хабарланады.

V. Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р
Келісімнің күшіне енуі және қолданылу мерзімі,
сондай-ақ оған өзгерістер енгізу

16-бап

Осы Келісімге екіжақты келісім бойынша дипломатиялық арналар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

1. Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы дипломатиялық арналар бойынша алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және бір Тарап екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін күшінде болады.

Осыны растау үшін тиісінше өкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы
К е л і с і м г е қ о л қ о й д ы .

200__ жылғы " _ " _____ қаласында әрқайсысы
қазақ, хорват, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық
м ә т і н д е р д і ң кү ш і б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Хорватия Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*